

<p>Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД</p> <p>КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО</p>	
<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан</p>	
<p>Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Маңғыстау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Мұнайлы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Мунайлинское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Мангистауской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"</p>	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
№ R.07.X.KZ15VWF00082435
Дата: 05.12.2022 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Мұнайлы ауданы, Қызыл-төбе ауылдық округі, Желтоқсан көшесі, №34/1 учаскеде орналасқан «Гүлдер» жеке меншік балабақшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 21.11.2022 23:48:02 № KZ23RYS00315110**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) **Товарищество с ограниченной ответственностью "Гүлдер-Мұнайлы", Мұнайлы ауданы, Қызыл-төбе ауылдық округі, Желтоқсан көшесі, №34/1 учаске**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)

4. Жобалар, материал дарэзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены)

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **арыз, лабораториялық хаттамалар**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции)

7. Басқа ұйым дардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются)

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке,



үрдiске, жағдайға, технологияға, өндiрiске, өнiмге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

«Гулдер» жеке меншiк балабақшасы Қызылтөбе ауылдық округi, Желтоқсан көшесi, №34/1 учаскеде орналасқан жеке тұрған ғимарат. Балабақшаның жалпы сыйымдылығы - 200 орынға арналған, 8- топ қарастырылған.

Балабақшаның алдыңғы жағы 1,8-2 метр биiктiкте темiр тормен, ал артқы бөлiгi таспен қаланып қоршалған. Аумаққа кiру және одан шығу жолдары, көлiкпен кiру жолдары, шаруашылық аймаққа, қоқыс жинайтын алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетiн жолдар қатты жабынмен жабылған. Объектiлердiң аумағы және қоршау сыртындағы оған iргелес аумақ таза ұсталған. Балабақша ғимаратының аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылған.

Балабақша ғимаратының алдында әр топқа бөлек топтық алаң қарастырылған, әрбiр топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғану үшiн бөлек 8-көлеңке қалқалары орнатылған. Көлеңке түсiретiн қалқалардың еденi ағаш тақтайдан дайындалған, қалқалар екi жағынан қоршалған. Ойын алаңдарының жабыны денсаулық үшiн қауiпсiз (жарақаттануды болдырмайтын) материалдардан дайындалған. Ойын және спорт алаңдарындағы жабдықтар балалардың бойы мен жасына сәйкес келедi, үшкiр шығыңқы жерлерi мен ақауы жоқ. Жабдықтардың бетiнiң жабыны суға төзiмдi материалдан дайындалған. Ойын алаңдарының төсемi құм себiлген. Жаяу жүргiншi жолдар қатты төсеммен төселген.

Объектiнiң аумағында негiзгi ғимарат, шаруашылық және топтық алаңдары аймақтарына бөлiнген.

Балабақша 1-қабатты ғимаратта орналасқан. Шаруашылық аймақтағы ғимаратта ас блогы, мен кiру жуу орны қарастырылған.

Балабақша ғимараты орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су, ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау жүйелерi жарамды жағдайда. Объектiлерде ауыз су режимi ұйымдастырылған. Ауыз сумен жабдықтау жүйесi - жергiлiктi, ғимараттың шаруашылық аймағында 17 кубтық су сақтайтын сыйымдылық қарастырылған Сол сыйымдылықтан насос құрылғысы арқылы ауыз судың үздiксiз келуi қамтылған. Ыстық сумен жабдықтау үшiн су жылытқыштар орнатылған. Ыстық және суық су барлық ванналарға, себезгi бөлмелерiне, тұратын орындарындағы, медициналық мақсаттағы үй-жайлардағы қолжұғыштарға, сондай-ақ ас блогындағы араластырғыш қондырғысы бар қажеттi технологиялық жабдықтарға тартылған.

Кәрiз жүйесi ғимараттың шаруашылық аймағында 12 кубтық септик арқылы жүзеге асырылады.

Кәрiз жүйесi толуына қарай тазалау ұйымдастырылған. Жылумен жабдықтау автономды қазандық бөлек үй-жайда орналастырылған.

Балабақша ғимаратына және ауыз су сыйымдылықтарына дезинфекция, дератизация және дезинсекция жұмыстары жүргiзiлiп тұруы ұйымдастырылған.

Барлық үй-жайларда табиғи және жасанды жарықтандыру көздерiмен жабдықталған.Бiр үй-жайда бiр типтi шамдарды қолдануда. Топтардағы жарық ойықтары реттелетiн күннен қорғайтын перделермен жабдықталған. Терезелерде, желдету үшiн ашылатын желкөздерде, фрамугаларда москиттiк торлар орнатылған.

1 -қабатты ғимаратта орналастырылған балабақшаның әр топтарына 3 сырттан кiру есiктерi бөлек қарастырылған.

Балабақша ғимаратында келесi бөлмелер қарастырылған: киiм шешетiн бөлме , ойын және жатын бөлмелерi бiрiктiрiлген 5 топ, ойын және жатын бөлмелерi бөлек 3-топ, буфет тарату-орны, санитарлық торап, акт залы, 3-қойма, басшы кабинетi, қосымша 8 -кабинет, қарастырылған.

1 -шi топтағы ойын бөлмесiнiң ауданы -50,6 м2, жатын бөлмесiнiң ауданы - 49,9 м2, қабылдау бөлмесiнiң ауданы -23,0 м2, санитарлық тораптың ауданы -18,1 м2, буфет тарату - орны -2,47.

2 -шi топтағы ойын бөлмесiнiң ауданы -50,2 м2, жатын бөлмесiнiң ауданы - 49,5 м2, қабылдау бөлмесiнiң ауданы -19,8 м2, санитарлық тораптың ауданы -17,7 м2, буфет тарату - орны - 4,2 м2.

3 -шi топтағы ойын бөлмесiнiң ауданы -50,0 м2, жатын бөлмесiнiң ауданы -50,0 м2, қабылдау бөлмесiнiң ауданы -17,4 м2, санитарлық тораптың ауданы -18,3 м2, буфет тарату - орны -3,8 м2.

4 - шi топтың бiрiктiрiлген ойын және жатын бөлмелерiнiң ауданы -50,9 м2, қабылдау бөлмесiнiң ауданы - 17,6 м2, санитарлық тораптың ауданы -17,8 м2, буфет тарату - орны -4,9 м2.

5 - шi топтың бiрiктiрiлген ойын және жатын бөлмелерiнiң ауданы -50,3 м2, қабылдау бөлмесiнiң ауданы - 17,6 м2, санитарлық тораптың ауданы -16 м2, буфет тарату - орны -5 м2.

6 - шi топтың бiрiктiрiлген ойын және жатын бөлмелерiнiң ауданы -50,0 м2, қабылдау бөлмесiнiң ауданы - 24,3 м2, санитарлық тораптың ауданы -15,4 м2, буфет тарату - орны -4,3 м2.

7 - шi топтың бiрiктiрiлген ойын және жатын бөлмелерiнiң ауданы -50,0 м2, қабылдау бөлмесiнiң ауданы - 32,2 м2, санитарлық тораптың ауданы -17 м2, буфет тарату - орны -4,1 м2.

8 - шi топтың бiрiктiрiлген ойын және жатын бөлмелерiнiң ауданы -50,7 м2, қабылдау бөлмесiнiң ауданы - 17,0 м2, санитарлық тораптың ауданы -17,0 м2, буфет тарату - орны -4,3 м2.

Топтардың ойын, жатын, киiнiп шешiну бөлмелерiнiң, буфет тарату-орындарының, кабинеттердiң, директор кабинетiнiң қабырғалары сулыэмульсияланған, төбесi -ХДМ, едендерiне линолеум төселген, ал киiнiп шешiну бөлмелерi мен буфет тарату-орындарының едендерi кафельденген. Яғни қалыпты



режимде жұмыс істейтін үй-жайлардың қабырғалары, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс. Барлық үй-жайлардың еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған.

Ылғалды режимде жұмыс істейтін санитарлық тораптардың қабырғалары 1,5 метр биіктікте еденімен бірге толықтай кафельденген, төбесі - ХДМ. Яғни санитарлық торап жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретін материалдармен қапталған. Топтардағы киім шешетін бөлмелері сыртқы киімге арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне арналған шкафтар жеке таңбалаған және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған.

Топтарда балаларға арналған тамақтану үстелдерімен, орындықтарымен, ойыншықтарға арналған сөрелермен, ойыншықтармен, кеңсе шкафымен, балаларға арналған 3-қабатты жылжытылатын кереуеттерімен қамтылған. Топтардағы кереуеттер балалардың бойы мен жасына сай келеді. Бір жатын орынға арналған төсек жабдықтары үш жиынмен қамтылған. Барлық топтардың едендеріне кілем төселген. Топтардағы ойыншықтар саны жеткілікті көлемде. Ойыншықтарды жууға арналған сыйымдылық, шүберек пен жөке бөлінген және арнайы таңбаланған. Төсек-орын жабдықтары, орамалдар жеке бөлінген. Жиһаз, жұмсақ, қатты мүкәммал, жабдықтар жұмыс жағдайында. Төсек-орын, киім мен аяқ киім, қатты мүкәммал қорын сақтау үшін қойма үй-жайлары бөлек көзделген.

Төсек-орынды жуу орталықтандырылған кір жуатын орындарда жуу ұйымдастырылған. Балалар үшін сатып алынған өнімдер (ойыншықтар, киім, ыдыс, төсек-орын жабдықтары, жиһаз) балалар санына жеткілікті.

Барлық дәретханаларда балаларға арналған 3-унитазбен, қол жууға арналған құралдары бар жуынатын 3-раковинамен, шомылуға арналған 1-ваннамен, кіші топтарда түбектермен, жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін ілгіштермен, қызметкерлерге арналған 1-унитаз, 1-раковинамен, шаруашылық шкафтармен, таза түбектерді сақтауға арналған таңбаланған ұяшықтармен қамтылған.

Медициналық үй жай келесі бөлмелерден тұрады: медициналық кабинет ауданы - 20,0 м², оқшаулау бөлмесі ауданы - 7 м².

Медициналық үй-жайлардың қабырғалары 1,5 м биіктікте майлы сырмен сырланған, жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға төзімді материалдан дайындалған. Оқшаулау бөлмесінде 1-кереует, 1-раковина, 1-унитаз қарастырылған.

Медициналық үй-жайда кереует, медициналық шкаф, тоназытқыш, ширма, жұмыс үстелі, қол жуу орны, кварц шамымен орналастырылған. Қажетті құрал-жабдықтарымен қамтылған. Санитарлық нормативтік құжаттары мен журналдары толық. Медбике арнайы киім жиынтығымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген.

Балабақша ғимаратының шаруашылық аймағында 1-көзді персоналдарға арналған дәретхана көзделген. Объектінің аумағында шаруашылық аймақтағы ғимаратта орналасқан кір жуу үй-жайы мен ас блогы орналастырылған, кір жуу үй-жайында келесі бөлмелерден тұрады: кір жуу бөлмесі ауданы - 17,4 м², таза киімдерді сақтау және үтіктеу бөлмесі ауданы - 6,6 м², дезинфекциялық құралдарды дайындау бөлмесінің ауданы - 1,8 м².

Кір жуу үй-жайларының төбелері -ХДМ, қабырғалары майлы сырмен сырланған, едендері кафельденген. Кір жуатын орында таза және лас төсек-орынның қарама-қарсы ағынына жол берілмейді. Жарық жүйесі терезе арқылы және жасанды жарық люменисценттік шамдар арқылы жүзеге асырылады.

Ас блогы келесі бөлмелерден тұрады: түсіру орны ауданы - 18,1 м², дайындау бөлмесінің ауданы - 9,9 м², құрғақ тағам өнімдерін сақтау бөлмесінің ауданы - 13,9 м², көкөністер мен жеміс -жидектерді сақтау бөлмесінің ауданы - 11,5 м², ыстық цех ауданы - 28,8 м², тарату орнының ауданы -9,1 м², ас үй ыдыстарын жуу орны ауданы - 9,7 м². Топтарға тағамдарды тарату бөлек терезе арқылы жүзеге асады. Ас блогының барлық үй-жайларының қабырғалары 1,5 метр биіктікте еденімен бірге кафельденген, төбелері -профнастиль. Ас блогының үй-жайлары сору-сыртқа тарату желдеткіш жүйелерімен жабдықталған. Ас үйі 4-комфорлы, 1-газ пешімен, дайын және шикі өнімдерді сақтауға арналған өндірістік үстелдермен, тоназытқышпен, 1-нан турау үстелімен қамтылған. Шикізат пен дайын өнімдерді бір үй-жайда әртүрлі таңбаланған үстелдерде жүргізілуі көзделген. Ыдыс жуу бөлмесінде ас үй ыдыстарын жуу мақсатында 2-секциялы ұяшық, лас және таза үстелдер, таза ыдыстарды сақтауға арналған сөремен қамтылған.

Азық-түлік қоймаларында тағамдарды сақтау мақсатында поддондар мен стелаждар орнатылған.

Персоналдарға арнайы және жеке киімдерін сақтау үшін бөлек шкаф қарастырылған.

Технологиялық жабдық, аппаратура, мүкәммал, ыдыс-аяқ, ыдыс тамақ өнімдерімен жанасатын барлық жабдықтар рұқсат етілген материалдардан дайындалған.

Объектілерде жеке гигиена қағидаларын сақтау үшін жағдайлар жасалған. Қол жуу үшін ыстық және салқын су келтірілген, қолды жууға және кептіруге арналған құралдары бар жуынатын раковиналар орнатылған.

Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, жөкелер, шүберектер) таңбаланған және жеке үй -жайларға



бекітілген. Оларды сақтауға топтардың жинау мүкәммалдары дәретханаларда арнайы шкафта сақталған. Санитариялық тораптарға арналған жинау мүкәммалының сигналды таңбасы бар. Жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдары қолданылуда. Дезинфекциялау ерітінділерін өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ертіндіні дайындау күні көрсетілген, таңбаланған сыйымдылықтар қарастырылған. Дезинфекциялау және жуу құралдары, жұмысшы ерітінділері балалардың қолы жетпейтін орындарда сақталған.

Балабақшада қызмет көрсететін персонал (тәрбиешілердің көмекшілері, техникалық персонал), 2 жиынтығы бар арнайы киіммен (костюм немесе халат, орамал, қалпақ, алжапқыш), ауыстыратын аяқкиіммен қамтамасыз етілген.

Объектіде нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес өндірістік бақылау ұйымдастырылған.

Балалар үшін сатып алынған өнімдердің (ойыншықтар, ыдыс, төсек-орын жабдықтары, жиһаздар) сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын атигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

14.11.2022ж. №38 жарықты өлшеу хаттамасы, 14.11.2022ж. №43 метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы, 17.11.2022ж. №115-116/ТО-22-00228 су үлгілерін микробиологиялық зерттеу хаттамасы, 16.11.2022ж. №112-113/147-148 орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы.

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	жоқ	жоқ	жоқ
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	жоқ	жоқ	жоқ
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	жоқ	жоқ	жоқ
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	жоқ	жоқ	жоқ

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды



Санитарно-эпидемиологическое заключение

Мұнайлы ауданы, Қызыл-төбе ауылдық округі, Желтоқсан көшесі, №34/1 учаскеде орналасқан «Гүлдер» жеке меншік балабақшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шідегері Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сабилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 239 "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы.

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.
На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Маңғыстау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Мұнайлы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Мұнайлы ауданы, орам 14, № 5/2 үй

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Мунайлинское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Мангистауской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

Мунайлинский район, квартал 14, дом № 5/2

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Исаева Ботагоз Усмановна

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)



